

«КЕЛІСЕМІН»

Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық
«Жастар» патриоттық клуб ҚБ-нің
төрағасы:

_____ Ж.Табылғанов
« ____ » _____ 2016 жыл

«БЕКІТЕМІН»

Астана қаласы жастар саясаты
басқармасының басшысының м.а

_____ Е.Рыспаев
« ____ » _____ 2016 жыл

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойына арналған “25 Игі іс” атты республикалық акциясының ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ереже

1.1. Аталған ереже «25 Игі іс” атты республикалық акциясын» ұйымдастыру және өткізу тәртібін, қорытындысын шығаруды белгілейді (ары қарай – Акция).

1.2. Байқаудың ұйымдастырушысы: «Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы» мен Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы «Жастар патриоттық клубы қоғамдық бірлестігі».

2. Акцияның мақсаттары:

2.1 Тәуелсіздігіміздің құндылықтары мен қадір қасиетін жастар арасында кеңінен насихаттау;

2.2 Еліміздің бейбітшілігі мен тыныштығының нышаны ретінде әрбір азаматын ігі істерді жасауға шақыру;

2.3 Адамдарды бір-біріне көмек көрсетіп, мейрімді болуға үндеу;

2.4 Ұлттық құндылықтар мен өмірлік адамгершілік-эстетикалық қағидаларын қалыптастыру;

2.5 Жастар мен жасөспірімдер арасында бірлесіп жұмыс жасау және оны одан әрі дамыту;

2.6 Өскелең ұрпақтың патриоттық сезімін қалыптастыру, қоршаған ортаға сүйіспеншілікпен қарау, өз жұмыстары арқылы эстетикалық талғамдарын көрсету, шығармашылық қабілеттерін ашуға көмек беру және оны қолдау.

2.7 Өскелең ұрпақтың шығармашылық және зияткерлік қабілетін дамытуға жағдай жасау;

2.8 Әртістік қабілеті бар балаларды анықтау және оларға қолдау жасау, өз таланттарын көрсетуге мүмкіндік беру болып табылады.

3.Өткізілу уақыты

“25 Игі іс” атты республикалық акция (15.09.2016 – 30.11.2016) аралығында болып өтеді.

4. Акцияның қатысушылары:

- 4.1 Қазақстан Республикасының барлық тұрғындары;
- 4.2 Еліміздің белсенді жастары мен жастар ұйымдарының басшылары;
- 4.3 ҚР-ның қоғам қайраткерлері, спортшылары мен жұлдыздары;
- 4.4 Шетелдегі қандас қазақ бауырлар;

5. Акцияның ұйымдастырылуы мен өткізілу шарттары:

- 4.1 Жасалынған игілікті істі суретке түсіріп, фото сурет астына жасалынған игілікті іс жайды қысқаша ақпарат жазу қажет.
- 4.2 Ігілікті істерді видеоға түсіріп, «25 Игі іс» атты республикалық акциясы аясында әзірленгендігін көрсету керек;
- 4.3 Акция аясында өзіңіз немесе өзге де адамдардың жасаған игілікті, қайрымды істері жайлы мақала дайындауға болады;
- 4.4 Барлық жасалынған игілікті істі арнайы әзірленген әлеуметтік сайттар мен парақшаларға салу қажет;
- 4.5 Акцияға түскен өтініштер әділқазылар алқасымен қарастырылады.
- 4.6 Сайысқа қатысушылар видео ролик 2 минуттан аспауы керек.
- 4.7 Акцияға жолданған видео ролик «25 Игі іс» мазмұнда болуы керек.
- 4.8 Видео мен роликте және фотолардың мазмұнға сай келуі қажет.
- 4.9 Жасалған жұмыстар барлық формат бойынша мына электронды почта Tastemir_Akulan@mail.ru арқалы қабылданады.

6. Акцияны ұйымдастыру комитеті

- Акцияны ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады:

- Акцияның дайындығы мен өткізілуіне байланысты сұрақтар бойынша шешім қабылдап, олардың орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

- Қазылар алқасының құрамын бекітіп, ұйымдастыру сұрақтарын шешеді;

Жұмыстарды бағалау және жеңімпаздарды анықтау үшін әділқазылар алқасы мүшелігіне Астана қаласы жастар саясаты басқармасының басшысының арнайы бұйрығымен бекітіледі.

Әділқазылар алқасы:

-қатысушыларға бірдей талап қояды;

-Қатысушылардың жұмыстарын бағалайды;

-Таңдалған жұмыстарға әділ қазылар мүшелерінің талдауына түседі

-Акцияға талдау жасап, қорытындылайды, жеңімпаздарға ұйымдастырушылар дайындаған сыйлықтар мен 25 жылдық мерей тойға арналған төс белгімен марапаттайды.

7. “25 Игі іс” акциясы аясында жасауға болатын игі істер:

- ❖ Ата-анаға, қарттарға құрмет көрсету;
- ❖ Туған туысқан адамдарға көмек көрсету;
- ❖ Жетімдерді жебеу;
- ❖ Ауру, сырқау адамдарға қолдау көрсету оған көңіл бөлу;
- ❖ Жағдайы төмен, көпбалалы отбасыларға көмек қолын беру
- ❖ Қарындар аш адамдарды тамақтандыру;
- ❖ Жастарды отансүйгіштікке, патриоттықа, имандылыққа тәрбиелей отырып, жан-жақты демеу;
- ❖ Ісіне адал болып, елдің дамуына өзіндік үлес қосу;
- ❖ Шегі жоқ қайрымды да ізгі, пайдалы игі істердің барлығын жасау..;

8. Қазылар алқасының бағалау критерийлері:

8.1 Жасалынған игілікті істің сапасына, пайдасы мен құндылықтарын ескеру;

8.2 Ігілікті, қайрымды және сауапты істің халықтың бүгіні мен ұлт болашағының дамуына берер пайдасына мән беру;

9. Қорытындылау, жеңімпаздарын марапаттау.

6.1 Акция қорытындысы бойынша жүлделі орындар мен номинациялар анықталаып, Астана күні мерейтойы аясында марапаталады;

6.2 Жеңімпаздар грамоталармен марапатталып, үздік қатысушыларға алғыс хаттар мен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған төс белгі табыс етіледі.

10. Байланыс

«Астана қаласы жастар саясаты мәселелер басқармасы»

тел.: 8 (7172) 55-75-83; 8-702-669-70-50.

e-mail: Tastemir_Akulan@mail.ru

Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы «Жастар» патриоттық клубы қоғамдық бірлестігі тел.: 8 (71333) 3-17-70; 8-778-644-14-14.

e-mail: jandos2@mail.ru

Ережеге қосымша:

Білім беру ұйымдарға
арналған сұраныс

Республика көлемінде өткізілетін
«25 Игі іс» атты акцияны
ұйымдастару алқасына

СҰРАНЫС:

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай Астана қаласы жастар саясаты басқармасымен Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы «Жастар» патриоттық клубы қоғамдық бірлестігінің ұйымдасуымен республика бойынша өтетін «25 Игі іс» атты акцияға мен басшылық жасайтын мекемедегі жастарды қатыстыруыңызды сұраймын.

№	А.Ж.Ә	Туылған жылы	Тұратын жері	Телефоны
1				
2				
3				

Басшы:

Міндетті түрде болу керек:

Орындаған:

